

Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2020 жылғы 16 наурыздағы № 305 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 наурызда № 6930 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 395 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 24.12.2020 № 395 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қобда аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қобда аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Қобда ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

## Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары

1. Осы Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

### 1. Жалпы ережелер

2. Осы қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:
  - 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы Ақтөбе облысы бойынша филиалының әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша Қобда аудандық бөлімі (бұдан әрі – уәкілетті ұйым);
  - 2) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;
  - 3) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Қобда ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;
  - 4) ең төмен күнкөріс деңгейі – ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;
  - 5) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;
  - 6) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айна отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;
  - 7) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;
  - 8) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Қобда аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтың бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы қағидалар Қобда ауданында тұрақты тұратын адамдарға қолданылады.

4. Әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына "Қобда аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен және осы қағидалармен белгіленген тәртіпте көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

6. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

7. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі:

Женіс күні – 9 мамыр;

Мүгедектер күні - қазан айының екінші жексенбісі.

Участекілік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстардың ЖАО бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

## **2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері**

8. Ай сайынғы әлеуметтік көмек табыстарын есепке алмай көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері коммуналдық қызметтерді төлеуден босатылады;

2) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектеріне теңестірілген адамдарға, женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына, екінші рет некеге отырмаған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысушылардың әйелдеріне (куйеулеріне), 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамыры аралығында кемінде алты ай әскери қызмет өткөрген және тылда жұмыс жасаған азаматтарға коммуналдық қызмет ақы төлеуге жылыту маусымына 7 айға (қантардан сәуір аралығында, қазаннан желтоқсан аралығында) 3500 (үш мың бес жұз) теңге мөлшерінде;

3) мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеуге мүгедек балалардың ата-аналарына немесе занды өкілдеріне, білім беру кезеңіне бір

мүгедек балаға, 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде "Қобда аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ұсынған тізімдері негізінде;

4) онкологиялық аурулардан зардап шегетін азаматтарға, адамның иммуножетіспеушілік вирусы инфекциясын жүқтырғандарға және туберкулездің әртүрлі түрімен ауыратын науқастарға, ай сайын ұсынылатын "Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қобда аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қәсіпорны ұсынған тізімдері негізінде, жылына алты айға дейінгі амбулаториялық ем алу мерзіміне 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне, I, II, III топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларға және оларды ертіп жүруші тұлғаларға, "Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - облыстық денсаулық сақтау басқармасы) жолдамасы бойынша емделуге төленетін жол шығындарын өтеу үшін.

Әлеуметтік көмек, егер жоғарыда аталған тұлғалар толық мемлекет қарауында болмаған жағдайда көрсетіледі.

9. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде, не оның мүлкіне зиян келтіру нәтижесінде келтірілген шығындарға байланысты біржолғы әлеуметтік көмектің төмендегі мөлшерлері белгіленеді:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне 150 000 (жұз елу мың) теңгеге дейінгі шекте;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына және мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 100 000 (жұз мың) теңгеге дейінгі шекте;

3) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына 80 000 (сексен мың) теңгеге дейінгі шекте;

4) зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарға 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

5) мүгедектерге, оның ішінде он сегіз жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеп отырған адамдарға 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

6) саяси қуғын-сүргін құрбандары, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдарға 50 000 (елу мың) теңгеге дейінгі шекте;

7) көп балалы отбасыларға 140 000 (жұз қырық мың) теңгеге дейінгі шекте;

8) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйінің тұлектеріне 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

9) аз қамтылған азаматтарға 140 000 (жұз қырық мың) теңгеге дейінгі шекте;

10) онкологиялық аурулардан зардап шегетін азаматтарға, адамның иммуножетіспеушілік вирусы инфекциясын жүқтыврғандарға және туберкулездің әртурлі түрімен ауыратын науқастарға 80 000 (сексен мың) теңге дейінгі шекте.

9-1. Төтенше жағдай кезеңінде 20 000 (жиырма мың) теңге көлемінде бір реттік әлеуметтік көмек көрсетіледі:

1) бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа толмаған мүгедек балаларға және мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарға құзырлы ұйымның ұсынған тізімдеріне сәйкес, әр адамға кірісін есептемегенде;

2) төтенше жағдай кезеңінде онкологиялық аурулармен, адамның иммун тапшылығы вирусын жүқтыврған және туберкулездің әртурлі нысандарымен ауыратын амбулаториялық ем алушы азаматтарға "Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қобда аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық мекемесінің ұсынған тізімдеріне сәйкес, кірісін есептемегенде;

3) отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1 – еселенген мөлшерінен аспайтын аз қамтамасыз етілген отбасыларға, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыларын қоспағанда, ауылдық округ әкімдері ұсынған тізімдеріне сәйкес;

4) Құзырлы органның әлеуметтік қызметкерлері қызмет көрсететін жалғызбасты және жалғыз тұратын зейнеткерлерге.

**Ескерту. Қағидалар 9-1 тармақпен толықтырылды – Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 09.04.2020 № 322 шешімімен (01.04.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).**

10. Өмірлік қыын жағдайлардағы азаматтарға, егер жолыққан сәттің алдындағы тоқсанда отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы Ақтөбе облысы бойынша төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінен бір еседен аспаса әлеуметтік көмек көрсетіледі (кірісі есептелмей әлеуметтік көмек көрсетілетін Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектерін қоспағанда).

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне өмірлік қыын жағдай туындаған кезде, әлеуметтік көмек олардың табысын есепке алмай көрсетіледі.

Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұқтаж азаматтардың санаттарының қатарына жатқызу үшін төмендегілер негіздемелер болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;
- 2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;
- 3) жан басына шаққандағы орташа табыстың, өмірлік қыын жағдай туындауына байланысты біржолғы әлеуметтік көмек тағайындау барысында ең төменгі күнкөріс деңгейінің бір еселік мөлшерінен аспауы.

11. Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан өмірлік қызын жағдайлар туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініштерді қарau мерзімі:

өмірлік қызын жағдайлар туындаған сәттен бастап алты айдан кеш емес.

12. Атаулы құндер мен мерекелік құндерге табыстарын есепке алмай біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі:

Жеңіс құніне орай:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 500 000 (бес жұз мың) теңге мөлшерінде;

2) Әскери дайындыққа шақырылған және жауынгерлік әрекеттер кезінде Ауғаныстанға жіберілген әскери міндеттілерге, бұрынғы КСРО-ны қорғау кезінде жарақаттың, контузияның, зақымданудың салдарынан, басқа уақытта өзге де әскери міндеттерді орындау барысында, немесе, майданда болуына байланысты ауыруы себебінен, сонымен қатар, Ауғаныстанда, не болмаса жауынгерлік әрекеттер жүргізілген өзге мемлекеттерде әскери қызметін өтеуіне байланысты мүгедек болған әскери қызметшілерге 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

3) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына және мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде ;

4) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

5) 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамыры аралығында кемінде алты ай әскери қызмет өткерген және тылда жұмыс жасаған азаматтарға 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

6) мүгедек деп танылмаған, екінші рет некеге отырмаған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысушылардың әйелдеріне (куйеулеріне) 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

7) қайтыс болған ауғандық жауынгерлердің екінші рет некеге отырмаған әйелдеріне 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

8) Мүгедектер құніне орай мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы мүгедектерге 30 000 (отызмың) теңге мөлшерінде.

13. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

### 3. Әлеуметтік көмекті көрсету тәртібі

14. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті үйымның не озге де үйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

Азаматтардың кейбір санаттарының әр түрлі атаулы күндер мен мерекелік күндері (санатына байланысты) әлеуметтік көмек алуға құқығы болған жағдайда әлеуметтік көмектің бір түрі көрсетіледі (көлемі бойынша ұлкені).

15. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе ауылдық округтің әкіміне мынадай құжаттарды қоса жалғай отырып өтініш береді:

1) жеке басын куәландыратын құжат;

2) осы қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтер;

3) адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер;

4) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын акті немесе құжаттар.

16. Осы қағидалардың 8 тармағының 1), 2), 4) тармақшаларында көрсетілген адамдарға ай сайынғы әлеуметтік көмек алушылардың өтініштері талап етілмей көрсетіледі, 8 тармағының 3), 5) тармақшасы бойынша өтініш жасаған адамдар өтінішке қоса мынадай құжаттарды тапсырады:

1) жеке басын куәландыратын құжат;

2) мүгедектігі туралы анықтама;

3) мүгедек баланы үйде оқытындығын растайтын анықтама (мүгедек балалар үшін);

4) психолого-медико-педагогикалық кеңестің қорытындысы (мүгедек балалар үшін).

17. Құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады, кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

18. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

19. Участекелік комиссия, құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы қағидалардың 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе ауылдық округ әкіміне жібереді.

Ауылдық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

20. Элеуметтік көмек көрсетеу үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетеуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

21. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен үйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

22. Уәкілетті орган участелік комиссиядан немесе ауылдық округ әкімінен өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

23. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсете қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

24. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсете қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсете не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы қағидалардың 20 және 21 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсете не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

25. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап (бас тартқан жағдайда, негіздемелерін көрсетіп) 3 жұмыс күні ішінде өтініш берушіге қабылданған шешім туралы жазбаша нысанда хабарлайды.

26. Элеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы мөлшерлерінің, әлеуметтік көмек көрсете үшін Қобда аудандық мәслихаты белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

27. Элеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру ауданның бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

#### **4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негізdemeler**

28. Әлеуметтік көмек келесі жағдайларда тоқтатылады:

1) алушының қайтыс болуы;

2) алушы Қобда ауданы аумағынан тыс тұрақты тұруға шығып кетуі;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберілуі;

4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталғанда.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

29. Бұл ретте дәйексіз мәліметтерді келтіріп заңсыз әлеуметтік көмек тағайындауға әкелгені анықталған жағдайда, әлеуметтік көмек төлеу тағайындалған тұлғаға (отбасына) белгіленген кезеңге тоқтатылады. Артық төленген сомалар ерікті қайтаруға жатады, бас тартқан жағдайда - сот арқылы.

#### **5. Қорытынды ереже**

30. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің немесе "Әлеуметтік көмек" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізіледі.

Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қагидаларына 1-косымша

**Отбасының тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_ Отініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер**

(Отініш берушінің Т.А.Ә.) (үйінің мекенжайы, тел.)

P/c №	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Отініш берушіге туыстық қатынасы	Тұған жылы

Отініш берушінің қолы \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Отбасы құрамы туралы мәліметтерді куәландыруға  
уәкілетті органның лауазымды адамының Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ (қолы)

Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж

**Өмірлік қын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының)  
мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру  
АКТІСІ**

20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_  
(елді мекен) \_\_\_\_\_  
1. Отініш берушінің Т.А.Ә.

---

2. Тұратын мекенжайы

---

3. Отініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған өмірлік қын  
жағдайы

---

---

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) \_\_\_\_\_ адам,  
оның ішінде:

P/ с №	Т.А.Ә	Тұған күні	Отініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға катысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына катысуы туралы мәліметтер	Өмірлік қын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы \_\_\_\_\_ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері \_\_\_\_\_ адам.

Балалардың саны: \_\_\_\_\_

жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар \_\_\_\_\_ адам, оқу  
күні жылына \_\_\_\_\_ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы  
мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы

мүгедектеріне теңестірлгендердің, зейнеткерлердің 80 жастан асқан қарт  
адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез,  
адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің,  
мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек)

—  
—  
—  
—  
—  
5. Өмір сұру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше – көрсету керек):

---

—  
—  
—  
—  
—  
Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар:

---

—  
—  
—  
—  
—  
Отбасының табысы:

Р/с №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның шінде өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Откен тоқсандағы табыс сомасы (тенге)		Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы участке, малы және құсы), саяжай және жер участкесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			тоқсанға	орталық есеппен айна	
—	—	—	—	—	—
—	—	—	—	—	—
—	—	—	—	—	—
—	—	—	—	—	—

6. Мыналардың:  
автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылды, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыстар)

---

қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек, өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыстар)

---

—  
—  
—  
—  
—  
7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

---

—  
—  
—  
—  
—  
8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

---

---

---

---

---

— 9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі

---

---

---

— 10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайлары \_\_\_\_\_

---

— Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

---

---

---

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстыым: \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын \_\_\_\_\_ өтініш берушінің  
(немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә.және қолы, күні

---

— (өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету,  
мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж  
азаматтардың жекелеген санаттарының  
тізбесін айқындау қагидаларына 3-косымша

### **Участковая комиссия № \_\_\_\_ қорытындысы**

20\_ ж. \_\_\_\_\_

Участковая комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу  
және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау

қағидаларына сәйкес өмірлік қыын жағдайдауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

---

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде \_\_\_\_\_

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

адамға (отбасыға) өмірлік қыын жағдайдауына байланысты әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

---

---

---

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Қорытынды

қоса берілген құжаттармен \_\_\_\_\_ данада 20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қабылданды.

Құжаттарды қабылдаған кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің немесе уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы\_\_\_\_\_

2020 жылдың 16 наурыздағы № 305 Қобда аудандық мәслихатының шешіміне қосымша

## **Қобда аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейір шешімдерінің тізбесі**

1. Қобда аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 16 мамырдағы № 19 "Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4956 тіркелген, 2016 жылғы 17 маусымында "Қобда" газетінде жарияланған) шешімі;

2. Қобда аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 20 қыркүйектегі № 44 ""Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 16 мамырдағы № 19 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5093 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 17 қазанда жарияланған) шешімі;

3. Қобда аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 19 маусымдағы № 97 ""Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 16 мамырдағы № 19 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5604 тіркелген, 2017 жылғы 22 шілдеде "Қобда" газетінде жарияланған) шешімі;

4. Қобда аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 2 наурыздағы № 138 ""Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 16 мамырдағы № 19 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-7-157 тіркелген, 2018 жылғы 5 сәуірінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

5. Қобда аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 28 мамырдағы № 231 ""Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 16 мамырдағы № 19 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6232 тіркелген, 2019 жылғы 18 маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

6. Қобда аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 5 тамыздағы № 250 ""Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 16 мамырдағы № 19 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6341 тіркелген, 2019 жылғы 21 тамызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі.